

Жанысбай Талғат 

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: talgat.janysbai87@gmail.com

**АҒАРТУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ
«ЕҢБЕКШІ(Л) ҚАЗАҚ» БЕТТЕРІНДЕ БАЯНДАЛУЫ**

Мақала, XX ғасырдың 20 жылдарындағы Ағарту Халық Комиссариаты қызметін, «Еңбекші(л) қазақ» газетінде жарық көрген материалдар негізінде зерттеуге арналған. Мақалада бірінші кезекте Ағарту Халық Комиссариатының құрылу сәтінен бастап, қарқынды түрде жүргізуге кіріскен: сауатсыздықпен күрес, білім мен мәдениеттің таралуы, халықтық мектептер мен кітапханалардың дамуы сияқты негізгі бағыттарын талданады. Сондай-ақ, «Еңбекші(л) қазақ» газетінің білімді насихаттаудағы және таратудағы рөлі қарастырылады, революциялық идеялардың Қазақстандағы білім беру саясатын қалыптастыруға әсерін сипаттайды және практикалық мысалдар арқылы революциялық ағартушылық идеялардың жергілікті жерлерде қалай жүзеге асырылғанын қарастырады. «Еңбекші(л) қазақ» газетінің қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда, әсіресе білім беру жүйесін реформалау аясында маңызды рөл атқарғаны атап өтіледі. Яғни, «Еңбекші(л) қазақ» газетінің қазақ мәдениетін, салт-дәстүрі мен тілін сақтау мен дамытудың маңыздылығына тоқталып, қазақстандықтарды білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге шақырғандығы.

Зерттеу нәтижелері революциялық өзгерістер кезеңіндегі Қазақстандағы білім мен мәдениет тарихын түсіну үшін, сондай-ақ насихат пен бұқаралық ақпараттың сол кездегі қоғамдық пікір мен саясатқа әсерін тереңірек түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: ағартушылық, Ағарту Халық Комиссариаты, баспасөз, кеңестік кезең, тарих, оқу, білім.

Zhanysbai Talgat

Kazakh National pedagogical university named after Abay, Kazakhstan, Almaty.
e-mail: talgat.janysbai87@gmail.com

**Coverage of the activities of the People's Commissariat
of education on the pages of «enbekshi(l) Kazak»**

The author analyzes the main directions of the Commissariat's work, such as the fight against illiteracy, the promotion of education and culture, and the development of popular schools and libraries. The role of the "Enbekshi(l) kazak" newspaper in propaganda and knowledge dissemination is also discussed. The article describes the influence of revolutionary ideas on the formation of educational policy in Kazakhstan and considers practical examples of how revolutionary enlightenment ideas were implemented locally. The research results can be useful for understanding the history of education and culture in Kazakhstan during the period of revolutionary changes, as well as for a deeper understanding of the influence of propaganda and mass media on public opinion and politics of that time.

The article also notes that the "Enbekshi(l) kazak" newspaper played an important role in shaping the national identity of the Kazakh people, especially in the context of reforming the education system. It emphasized the importance of preserving and developing Kazakh culture, traditions, and language, calling on Kazakhs to learn and self-improve.

Key words: education, People's Commissariat of Education, printed organ, Soviet period, history, education.

Ж. Талғат

Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы.
e-mail: talgat.janysbai87@gmail.com

**Освещение деятельности Народного Комиссариата
просвещения на страницах «Еңбекші(л) Қазақ»**

Данная статья освещает деятельность Народного Комиссариата Просвещения в Казахстане в 1920-х годах, исходя из материалов, опубликованных в газете «Еңбекші(л) қазақ». Автор анализирует основные направления работы комиссариата, такие как борьба с неграмотностью,

распространение образования и культуры, развитие народных училищ и библиотек. Также рассматривается роль газеты «Еңбекші(л) қазақ» в пропаганде и распространении знаний. Статья описывает влияние революционных идей на формирование образовательной политики в Казахстане и рассматривает на практических примерах, как идеи революционной просвещенности были воплощены в жизнь на местах. Результаты исследования могут быть полезны для понимания истории образования и культуры в Казахстане в период революционных перемен, а также для более глубокого понимания влияния пропаганды и массовой информации на общественное мнение и политику того времени.

В статье также отмечается, что газета «Еңбекші(л) қазақ» играла важную роль в формировании национальной идентичности казахского народа, особенно в контексте реформирования системы образования. Она подчеркивала важность сохранения и развития казахской культуры, традиций и языка, призывая казахстанцев к обучению и самосовершенствованию.

Ключевые слова: просвещение, Народный Комиссариат Просвещения, печатный орган, советский период, история, образование.

Кіріспе

1920 жылдың 4-12 қазаны аралығында Орынбор қаласында Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының І Кеңестер съезі болып өтті. Жалпы саны 297 делегатты құраған съездің күн тәртібінде: қазақ жерін басқару бойынша Әскери Революциялық Комитет баяндамасы, «ҚАКСР жұмысшы табының құқықтық декларациясы», жер мәселелері, әскери мәселелер, экономикалық құрылыс бағытында қойылған міндеттер, ұйымдастырушылық жұмыстар, Орталық Атқару Комитеті, Халық Комиссарлар Кеңесі мен Халық Шаруашылық Кеңестері сайлауы, сонымен қатар, Қаржы, Еңбек, Байланыс, Ішкі істер, Ағарту, Денсаулық сақтау, Әлеуметтік қамсыздандыру, Әділет, Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы Халық Комиссариаттарының құрылуы сынды маңызды мәселелер көтерілген болатын (Государственные, 1979: 12-13 бб.). Съез нәтижесінде, 1920 жылдың 12 қазанында құрылған комиссариаттардың бірі, әрі мемлекеттік құрылыс барысында атқарған жұмыстарының маңыздылығы жағынан, жалпы Қазақстанның кеңестік кезең тарихында ерекше орын алған комиссариат – Ағарту Халық Комиссариаты болды.

Ағарту Халық Комиссариаты мемлекеттік билік органы ретінде, 1920-1940 жж. аралығында толықтай дерлік мемлекеттің мәдени-гуманитарлық салаларының жұмыстарын өз бақылауында ұстады, басқарды. Бұл сала қызметіне оқу-білім,

ғылым, кітапхана ісі, баспалар, музейлер, театрлар, кино саласы, клубтар, мәдениет және демалыс орындарының жұмыстары, архитектуралық және мәдени ескерткіштерді қорғау, шығармашылық бірлестіктер жұмыстары, халықаралық мәдени байланыс және т.б. бағыттарда жүргізілген істерді жатқызуға болады.

Нақты дәлел келтіретін болсақ, 1923 жылдың 25 сәуірінен қабылданған ҚАКСР Ағарту Халық Комиссариатының Ережесінде (Положение) Комиссариаттың негізгі 7 жұмыс бағыты көрсетілген: 1) халыққа білім беру саласындағы теориялық, бағдарламалық және идеологиялық басшылық; 2) әкімшілік-ұйымдастырушылық және қаржылық қамтамасыз ету саласындағы басшылық; 3) балалар мен жастарды әлеуметтік тәрбиелеуде жоғары басшылық және бағыт; 4) халық арасындағы саяси-ағарту жұмыстарына басшылық жасау; 5) Қырғыз (Қазақ) Республикасына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, басқару, білім беру және денсаулық сақтау салаларында қажетті мамандарды дайындауға жалпы басшылық; 6) әдеби-баспа қызметіне практикалық және идеялық басшылық жасау; 7) баспа туындылары мен әс-шараларға қойылатын цензураның барлық түріне біріккен басшылық жасау (ҚРОМА, 81-қ., 1-т., 586а-іс, 14-п, көшірме).

Жұмыс уақыты 1920-1946 жж. қамтыған Ағарту Халық Комиссариатын (1946 жылы Қазақ КСР Оқу министрлігі ретінде қайта құрылды) аталмыш хронологиялық кезең аралығында Ахмет Байтұрсынұлы (1920-1921 жж.), Аспандияр Кенжин (1921-1922 жж.), Нұғыман Залиев

(1922-1924 жж.), Илияс Темірбеков (1924-1925 жж.), Смағұл Сәдуақасов (1925-1927 жж.), Кәрім Токтабаев (1927 ж.), Ораз Жандосов (1927-1929 жж.), Нұғман Манаев (1929-1930 жж.), Сейітқали Меңдешұлы (1930-1933 жж.), Темірбек Жүргенов (1933-1937 жж.), Біржан Манкин (1937 ж.), Сұлтан Сүйіншәлин (1937-1938 жж.), Мұхамеджан Әбдіхалықов (1938-1941 жж.), Төлеген Тәжібаев (1941 ж.), Әбдіхамит Сембаев (1941-1946 жж.) сынды қазақ тарихының біртуар азаматтары басқарған болатын (Қазақстанның, 2004: 40 б.).

Бұл фактор, яғни, комиссариат басында кезеңнің ағартушылық және мемлекеттік істер бағытында елеулі еңбек сіңірген зиялы қауым өкілдерінің қызмет атқаруы, комиссариат жұмысы мен тарихының өзектелігін еселей түседі. Ал, бұл өзектіліктен туындаған зерттеу қажеттілігін жүзеге асыруда, ақпараттық құндылығы архивтік құжаттардан кем түспейтін «Еңбекші(л) қазақ» газетінің материалдарының үлесі зор екені айтпаса да түсінікті.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы дайындау барысында ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Кітапханасы, Қазақстандық Ұлттық Электрондық Кітапхана (kazneb) қорларындағы мақала хронологиясына мен тақырыбына сай жазылған әдебиеттер, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 81 қоры және «Еңбекші(л) қазақ» газетінің нөмірлері зерттеу жұмыстарына алынды.

Отандық зерттеушілер еңбектері:

Отандық ғалымдардың Ағарту Халық Комиссариатын дара зерттеу объектісі ретінде алып жазған еңбектердің ішінде тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған Мұсағалиева Арайлым Сәбитқызының «Халық Ағарту Комиссариаты қорының құжаттары республика зиялыларының қызметі мен көзқарасы жөніндегі дерек көзі (1920-36 жж.)» атты диссертациясы (Мұсағалиева, 2001) және Селкебаева Айман Токтасынқызының «Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы: құрылуы мен қызметінің тарихы (1920-1936 жж.)» (Селкебаева, 2007) атты еңбектерін атап өтуге болады.

Одан өзге жалпы ағарту, оқу-білім, ғылым саласында жазылған еңбектердің ішінде Ағарту Халық Комиссариаты туралы Сулейменов Р.Б.

(Сулейменов, 1961), Сулейменов Р.Б. және Бисенов Х.И. (Сулейменов, Бисенов, 1967), Баишев С.Б. (Баишев, 1981), Садыкова А.Е. (Садыкова, 2005), Абдрахманова Р.Л. (Абдрахманова, 2010) және т.б. авторлардың еңбектерінде жазылған. Қазақ мерзімді басылымдары немесе «Еңбекші(л) қазақ» газеті турасында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жазылған еңбектер авторларына келер болсақ, Имашев С. (Имашев, 1961), Атабаев Қ. (Атабаев, 1998), Аралбаева Б. (Аралбаева, 2009), Смағұлова С. (Смағұлова, 2011), Омашев еңбектері (Омашев, 2013, 2014) және т.б. авторлар еңбектерін атап өтуге болады.

Шет елдік зерттеушілер еңбектері:

Кейбір шетелдік тарихшылар да «Еңбекші(л) қазақ» газетінің тарихын зерттеген. Мәселен, жапон ғалымы Шиничи Ширайши (Shinichi Shiraishi) «The Formation of Modern Kazakh Culture» («Қазіргі қазақ мәдениетінің қалыптасуы») (Shiraishi, 1990) атты еңбегінде кеңестік кезеңдегі газеттің қазақ зиялыларының қалыптасуы мен ұлттық сана-сезімін көтерудегі рөліне тоқталады. Америкалық тарихшы Адиб Халид (Adeeb Khalid) «The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia» («Мұсылман мәдениетін реформалау саясаты: Орталық Азиядағы жәдидшілдік») (Khalid, 1999) атты кітабында Кеңес мемлекеті мен Орталық Азиядағы мұсылман зиялыларының қарым-қатынасын зерттеп, «Еңбекші қазақ» газетіне ерекше тоқталады. Тағы бір америкалық тарихшы Эдвард Лаззерини (Edward Lazzarini, 1991) Қазақстандағы кеңестік білім беру саясатының ықпалын және «Еңбекші(л) қазақ» газетінің сауат ашу мен білім берудегі рөлін зерттеген. Неміс ғалымы Инго Каппеллер (Ingo Kappeller, 2001) де Кеңес Одағының Орталық Азиядағы исламға көзқарасы туралы еңбегінде газетті атап өтеді. Бұл ғалымдар «Еңбекші қазақ» газетінің кеңестік Орта Азия және қазақ мәдениеті мен білімінің кең тарихы аясындағы мәнін түсінуімізге өз үлесін қосты.

Ағарту Халық Комиссариаты тарихы мен қызметі Сара Кэмерон (Sarah Cameron, 1994), Эрен Тасар (Eren Tasar, 2008) және жоғарыда аталған Адиб Халид (Adeeb Khalid, 1999), Шиничи Ширайши (Shinichi Shiraishi, 2007), Эдвард Лаззерини (Edward Lazzarini, 1991) еңбектерінде айтылады.

Жоғарыда аталған еңбектер Ағарту Халық Комиссариаты және қазақ тіліндегі мерзімді басылымдардың зерттеушілер назарынан тыс қалмағанын, және отандық тарих ғылымы үшін

әлі де өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді. Бірақ, мерзімді басылымдар тираждарының үлкендігі, зерттеушілердің көбінесе өзінің зерттеу аясындағы (белгілі бір комиссия жұмыстары, ашаршылық, денсаулық сақтау, тек қана мерзімді басылым және т.б.) тақырыптарға баса назар аударуы, тілдік ерекшеліктері себебінен мерзімді басылымдарда жарыққа шыққан ақпараттардың көп бөлігі еңбектерден тыс қалып қоюда. Сол себепті, мақала ағарту саласы мысалында стильдік, мазмұндық, тұрғыдан маңызы жоғары «Еңбекші(л) қазақ» газеті деректеріне зерттеушілер назарын қайта бұрып, болашақта барша ғалымдарға пайдасы болар көлемді ақпарат көзін жасауға мұрындық болу мақсатын көздейді.

Зерттеу жұмысының әдістері:

Дереккөздерді талдаудың тарихи әдісі: «Еңбекшіл қазақ» газеті Ағарту Халық Комиссариатының қызметі туралы ақпараттың негізгі көзі ретінде пайдаланылды. Газетте жарияланған мақалалар мен жаңалықтарды талдау зерттеушілерге Ағарту Халық Комиссариатының мақсаттары, міндеттері, бастамалары мен жетістіктері туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Сыни шолу әдісі: газет беттерінде жарияланған ақпаратқа оның негізділігі мен сәйкестігін бағалау үшін сыни шолу жасалуы.

Мәтінмәндік (контекстуалды) талдау әдісі: Ағарту Халық Комиссариаты жұмыс істеген және «Еңбекшіл қазақ» газеті шыққан кездегі әлеуметтік-мәдени жағдайды талдау.

Талдау

Ағарту Халық Комиссариатының құрылу тарихы мен атқарған жұмыс бағыттары туралы мақаланың кіріспе бөлігінде берілген болатын. Ал енді, «Еңбекші(л) қазақ» газетінің мемлекет жұмыстарын насихаттаудағы себептері мен мақсаттарына келер болсақ, бұл тұста себептерінің 3 факторын атап өтуге болады:

1) «Еңбекші(л) қазақ» газетінің Қазақ Орталық Атқару Комитетінің негізгі баспасөз құралы болуы;

2) Газеттердің, жалпы баспасөз құралдарының негізгі функциясы – халықты ақпаратпен қамтамасыз ету жұмыстары, яғни, жаңа мемлекеттік құрылыс кезеңінен өтіп жатқан мемлекеттің істерін халық назарына ұсыну;

3) Бұқара халық пен билік арасында байланыс орнату, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді көпшілік назарына ұсыну арқылы, дискуссия

әдісімен шешу.

Мақсаттары:

1) Бірінші, әрі маңызды мақсат – халық арасында ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыра отырып, халықты мемлекеттік және мәдени құрылыс жұмыстарына тарту;

2) Екінші мақсат – халықты ақпаратпен қамтамасыз ете отырып, кеңестік идеология негізінде қоғамдық ой-сана қалыптастыру.

Мақалада анықталуы көзделген келесі бір мәселе – газет беттерінде берілген мақалалардың берілу стилистикасы. Бұл арада, кейбір деректік үзінділері орфографиялық тұрғыдан еш өзгертусіз ұсынылып отырғанын атап өткіміз келеді. Стилистика астында газет беттерінде жарық көрген мақалалардың мазмұндық құрылымы мен публицистикалық стиль ерекшеліктерін көрсете білу мақсаты жатыр.

Ағарту Халық Комиссариаты атқарған істерінің арасында мерзімді басылымдарда ең көп талқыланған, көтерілген өзекті мәселелердің бірі – оқу жайы болды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында азаматтық соғыстар, революциялар салдарынан және кезеңнің өзге де күрделі мәселелері себебінен даму фазасынан ауытқыған қазақ білім жүйесі жаңа реформаларды талап етті. Реформаларды жүзеге асыру Ағарту Халық Комиссариатының құзыретінде болды. Комиссариат үшін бұл жұмыс оңай болмады. Көбінесе, қиындықтар сол кезде кезкелген мемлекеттік жұмыстар келіп тірелген қаржы мен қызметкер тапшылығы мәселесі бойында болды. Бұл туралы газет беттерінде анық жазылып жүрді.

Мысал ретінде «Еңбекші(л) қазақ» газетінің 1924 жылы шыққан №221 санында Нұғыман Залиұлының Ағарту Халық Комиссариатының атқарған жұмысы туралы жарық көрген баяндамасын келтіруге болады. Баяндама «Қазақстанда мектеп ісі», «Сауатсыздықты жою», «Балаларды жалпы тәрбиелеу», «Жоғалсын сауатсыздық» қауымы баяндамасы, «Айтыс», «Қорытынды сөз» атты алты бөлімнен тұрды.

Баяндама, 1920 жылы өткен 2-өлкелік Бүкілқазақ конференциясында делегаттар тарапынан Ағарту Халық Комиссары сайланып, 1924 жылға дейін қызмет атқарған – Нұғыман Залиұлының соңғы қызметтік кезеңінде жарық көрген. 1920-1930 жж. аралығында Ағарту Халық Комиссариатының баса назар аударған оқу-білім жүйесі мен сауатсыздықпен күрес бағыттарында атқарылған жұмыстарының жағдайын, бетпе-бет келген өткір мәселелердің

айқын көрсеткіші. Мысалы, 1924 жылғы мектептер мен оқушылар саны, сауатсыздықты жою жұмыстары және істерді жүзеге асыру барысында ағарту қызметкерлері кезіккен кедергілері – қаржы тапшылығы және ауыр материалдық-техникалық жағдай баяндаманың 6 бөлімінің 5-де жазылған. Бұл мәселелерге жұмыстың атқарылуы барысындағы мекеме қызметкерлері мен халық тарапынан орын алған немқұрайлы қарым-қатынасы қосылып отырған. Бұл немқұрайлықты сарапшылардың көбі ақпараттың дұрыс жетпеуінен деп топшылайды.

Баяндамада берілген статистикалық мәліметтер:

Баяндаманың 1-2 бөлігінде:

1) мектеп саны: өлкеде жалпы саны 2 632 бірінші, екінші басқыш және коммуна мектептері бар. Бұл мектептерде 197 670 оқушы оқыды. 1 632 мектептің тек қана 618-і қазақ мектептері, қазақ оқушыларының саны 29 237 адам болды

2) сауатсыздықпен күрес: 1924 жылы сауатсыздықты жою бағдарламасынан өтуі керек адамдар саны – 1 200 000 (800 000 қазақ ұлтынан, 400 000 орыс ұлтынан) адамды құрады (Залиұлы, 1924: 2 б.).

Берілген статистикалық ақпарат нақты сандар нәтижесінде қаржы жеткіліксіздігі проблемасын көрсету. Мысалы, жоғары позициялар бойынша қаржы жеткіліксіздігінен жүзеге аспаған жұмыстар: оқу қызметкерлерінің жалақысы, жалпы тұрмыс жағдайы; сауатсыздық жою оқу орындарының саны (жоспарланған оқу орындарының саны – 1008, іс жүзінде ашылған саны 887, бұл оқу орындарында оқыған адамдар саны 16 000). Байқап отырғанымыздай, сауатсыздықпен күрес қаржы жетіспеушілігі салдарынан жоспардан әлдеқайда төмен көрсеткіштерге ие болған.

Жалпы алғанда, білім жүйесін қалыптастыру және сауатсыздықты жою жұмыстары Қырғыз/қазақ Орталық Атқару Комитеті мен Ағарту Халық Комиссариатының қыруар уақыты мен күшін алды. Мысалы, сауатсыздықпен күрес жұмыстарын жүзеге асыруда қазақ жерінде толық жұмылдыру (мобилизация) науқаны да жүргізілді. Дәлел ретінде Қырғыз/Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-Революциялық Комитеттің (КирРевКом) 1920 жылғы 28 қыркүйегінде шыққан бұйрығын атап өтуге болады. Бұйрық бойынша: қырғыз/қазақ халқының арасында сауатсыздықты жою мақсатында, Халық Комиссарлар Кеңесінің 1919 жылғы 29 желтоқсанғы Декреті негізінде, өлкедегі мек-

тепте сабақ беруге жарамды барлық азаматтар жұмылдыруға (мобилизацияға) шақырылады; Жұмылдыруға (мобилизацияға) жоғары білімді, орта білімді, арнайы педагогикалық дайындықтан өткен, бұрынғы жоғарғы бастауыш училищелерін тамамдаған, медресе білімі бар, бұрынғы екі сыныпты училищені, бір сыныпты училищені аяқтаған және өзге де сауаты бар адамдар жұмылдырылған (ҚРОМА, 81-к., 1-т., 89-іс, 33-п).

Ағарту Халық Комиссариатына қатысты жұмыстар газет беттерінде өте көп, әрі жүйелі түрде шығып отырды. Комиссариаттың оқу-білім бағытында жүргізген жұмыстарына орай газет беттерінде «Оқу білім майданында» атты жеке рубрика жүргізілді. Бұл рубрика оқу-білім бағыты бойынша қай аймақта қандай жұмыстар атқарылғаны, нәтижесі мен жетістіктері қандай болғанын, қандай шешілмеген мәселелер барын жазды. Рубрика бойынша бір мысал берер болсақ, «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1924 жылғы 8 тамызда шыққан № 233 санының «Оқу білім майданында» рубрикасында сауатсыздықпен күрес жолында құрылған Орал губерниясының әйелдер бөліміне қазақ оқытушыларының жетіспейтіндігі туралы келесі «Қазақ оқытушылары керек» атты ақпарат ұсынылған: *«Орал губернесінің/губерниясының әйелдер бөлімі елге шығып жиылыстар жасады. Жиылыстарға 60% қазақ әйелдері қатысты. Қазақ әйелдерінің оқуға ынтыласы мықты. Жиылыстарда қазақ әйелдері үшін мектептер ашу туралы қаулылар жасалды. Оқуға деген 14-15 жасар қазақ қыздарының әйелдер бөліміне мәлімдемелері келіп жатыр. Бірақ губернелік/губерниялық оқу бөлімінде оқытушы қазақ әйелі жоқ. Әйел мектептері үшін қазақ оқытушылары керек»* (Қазақ, 1924: 3 б.).

Жоғарыда ұсынылған кішігірім ақпараттың Комиссариат жұмысының насихатталу тұрасында ғана емес, мәселелерді шешудегі көмекші құрал ретінде де орнын айшықтайды. Бір жағынан шешімін табу керек мәселе, екінші жағынан бос орын жарнамасы да бір мақала түрінде ұсынылған. Ал, бұл ақпараттың тағы бір маңызды жағы – әйелдер қауымына қатысты болмақ. Яғни, бұл арада ХХ ғасырдың басындағы әйелдер, әсіресе қазақ әйелі жағдайы. 1921 жылдан бастап әйелдер қауымын мемлекеттік және мәдени құрылысқа қатыстыру мақсатында Қырғыз/қазақ Облыстық Комитеттері тұсында әйелдер бөлімі ашыла бастаған болатын (Кундакбаева, 2017: 24 с.). Әйелдер бөлімшелерінің

жұмыстары Ағарту Халық Комиссариаты құзыретіндегі жұмыстармен тікелей байланысты болды және елеулі жетістіктерге де кенде болмады.

Сонымен қатар, газет ақпаратында айтылатын жергілікті халық арасында оқытушылардың бұл – жергілікті қызметкерлердің жетіспеушілігі мәселесімен тығыз байланысты. Ағарту Халық Комиссариаты жергілікті халықтан кадрлар дайындау мәселесімен қаржылық мүмкіндіктері жеткенше айналасып отырды. 1922 жылдың 16 қаңтарында ҚАКСР Ағарту Халық Комиссариатының жергілікті халықтардың ішінен ағарту саласының мамандарын дайындау бойынша циркуляры жарық көрді. Ағарту Халық Комиссары – Нұғыман Залиұлының, ұйымдастыру орталығының меңгерушісі Мартыненконың қолымен тараған циркуляр мәтіні төменде ұсынылған:

«КАССР Халық Комиссариатының байырғы тұрғындардан білім беру қызметкерлерін даярлау туралы циркуляры

Түрлі өңірлерден келіп түскен баяндамалар, ағарту саласының қызметкерлерін даярлау жұмысының қайғылы жағдайын көрсетуде. Өлкеміздің көптеген губернияларында ағарту қызметкерлерін даярлау мекемелері өте нашар жағдайда болса, кейбір өңірлерде тіптен жабылып қалған.

Алайда, атап өтерлік тағы бір жайт ағарту қызметкерлері Ресей Федерациясында да тапшы, ал жас Қырғыз (қазақ) республикасында қызметкер тапшылығы өте қатты сезіледі.

Ағарту Халық Комиссариаты барша Губерниялық халық ағарту мекемелеріне ағарту қызметкерлерін даярлау мәселесіне баса назар аударуларын ұсынады.

Қазіргі кезде жұмыс істеп тұрған педагогикалық оқу орындарының жұмысты қайта жандандырып, жаңа оқу орындарын ашуды қолға алу қажет.

Қырғыз (қазақ) ұлтынан шыққан ағарту қызметкерлерінің аса тапшылығын ескере отырып, Ағарту Халық Комиссариаты бұл қызметкерлерді даярлау үшін арнайы қырғыз (қазақ) оқу орындарын ашу арқылы немесе жұмысы жүріп тұрған оқу орындарынан қырғыз (қазақ) бөлімдерін ашу арқылы шешу бойынша шара қабылдауларын бқырады.

Бұл циркулярды алғаныңыз туралы хабарлау қажет.» (ҚРОМА, 81-к., 1-т., 304-іс, 6-п).

Циркуляр деректері ағарту саласының қызметкерлерінің жетіспеушілігі мәселесі тек

қана ҚАКСР ғана емес Ресей Федерациясының өзінде де орын алған күрделі мәселе болғанына назар аударуға мүмкіндік береді. Ағарту Халық Комиссариаты тарапынан бұл мәселені шешу мақсатында елде бар педагогикалық білім беру орындарына қайта дем беріп, жаңа оқу орындарын ашу жолын ұсынады. Ұсыныс, қазақтардан ағарту қызметкерлерін дайындау үшін арнаулы қазақ педагогикалық оқу орындарын ұйымдастыру немесе сол кезеңдері жұмыс атқарып тұрған оқу орындарында қазақтарға арналған параллельді білім беру орталықтарын ұйымдастыру бойында болды.

Ағарту саласының қызметкерлерін дайындау Ағарту Халық Комиссариатының әсіресе XX ғасырдың бас кезіндегі ең үлкен жұмыстарының бірі болды. Баспасөз беттерінде, өзге де жиылыстарда басты назарда тұрды. «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы №51 (488) санында ірі қоғам қайраткері, қазақ баспасөзінің іргесін қалаушылардың бірі, журналист Шаймерден Тоқжігітовтың (1901-1937 жж.) «Оқу қызметкерлерін даярлау мәселесі» атты көлемді мақаласы шықты (Шаймерден, 1926: 1б.). Шаймерден Тоқжігітов мақаласында оқу жұмысының, жалпы ағарту істерінің маңыздылығын, сауатсыздықпен күрестің мемлекеттік мүддесін алға тарта отырып, жүріп жатқан жұмыстардың кемшілігін жазады. Бұл кемшіліктер қатарында оқу, тәрбие жұмыстарының көп жерде ескі әдістәсілдерімен жүргізілетіні айтылады. Әсіресе, жаңа мемлекеттік құрылыс тұсында ғылым-білім саласында оқу-әдістемелік методикаларының өзгеруі, білім-дағдыларды бекіту үшін еңбекті қолданудың маңызын алға тартады.

Тоқжігітов мақаласының назарға аларлық тағы бір бөлігі, оқу-білім саласын жақсартуға арналған ұсыныстары. Ұсыныстар жоғарыда аталған оқу әдістерінен өзге, әлеуметтік жұмыстар саласына, ленинизм мен марксизм ілімдерін терең қолдану, мұғалімдердің білім беруде қолданатын әдістерін бақылайтын адамдарды сайлау және т.б. Бақылаушылар белгілі бір аудандардағы мектептердің ісін өз тізгінінде ұстап, сапасын арттыруы керек. Тоқжігітов ұсынысы бойынша, бақылаушыларды әр губернияның білім саласында қызмет атқаратын, әрі бұл істі жүргізе алатын азаматтарының басын құрап, Қазақстан көлеміне қарай, 250-300 дей кадрлерді даярлау арқылы жүзеге асыруға болады деген тұжырымы. Алайда, оның алдында бақылаушыларды даярлайтын мектепті жеке басына ашу қажеттілігі де туындап тұрды.

Тоқжігітовтың бұл ұсыныстары оқытушылар шеберлігі мен дайындық деңгейіне келтірген күмәнінан туындаған ұсыныстар. Бұл пікірдің дәлелі ретінде мақаланың келесі бір үзіндісін ұсынамыз: *«Оқу жұмысына білім шеберлігі керек. Біздің ағарту қызметкерлеріміз, бірен-саран басқа елден оқып шыққандары болмаса, көбі не кітап қолданбай, не білімді жұрттың тәжірибелі әдісті мектебінен өтпей, айтушының аузынан жазып алған жазба нұсқауымен жүр»* (Шаймерден, 1926: 16.). Әрине, автордың бұл пікірімен келісуге де, келіспеуге де болады. Бір жағынан, XX ғасырдың басы қазақ оқу-ағарту саласы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған кезеңнің жарқын ұстаздарының қызмет еткен кезеңі болғандығын ескерсек, екінші жағынан, бұл азаматтардың бүтін бір мемлекеттің ағарту саласындағы мұқтаждығын қамтамасыз ете аларлықтай саны болмағанын да мойындауымыз керек. Яғни, бар мәселе қайтадан кадрлық мәселеге келіп тіреледі. Бұл тұста, Тоқжігітовтің оқу-білім, мектептерді тексеретін орган немесе ұйым ұйымдастыру ұсыныс орынды деп қарастыруға болады.

«Еңбекші(л) қазақ» газетінде Ағарту Халық Комиссариаты және өзге де мемлекеттік органдар жұмысы бойынша ақпараттардың көп бөлігі жарияланып отырды. Әсіресе, оқу-білім, ағарту саласының жаңалықтары, қаулы-қарарлар, пікірлер, өзге маңызды дүниелер. Тіпті жекеленген рубрикалар жүйеленіп, апта сайынғы жұмыстар есептері мен мәселелері насихатталып тұрды.

Бұл сарынды көптеген жаңалықтар арасында халық назарына жиі таныстырылып отырған тағы бір Ағарту Халық Комиссариатына қатысты ақпарат – Қазақ-қырғыз халқы білімпаздарының тобының жаңалықтары болды. Бірінші қазақ-қырғыз білімпаздарының тобы алғаш 1924 жылы 12 маусым күні құрылған. Құралғандығы туралы ақпаратты Ағарту Халық Комиссары Нұғыман Залиұлы ағарту қызметкерлерінің ұйымының үйінде жариялаған болатын. Бірінші қазақ-қырғыз халқы білімпаздарының тобының жиылысына – Нәзір Төреқұлұлы, Әлихан Бөкейханов (екеуі – Мәскеудегі Күншығыс баспасөзін тарататын кіндік ұйымнан), Мырза Наурызбайұлы (Бұхарадан), Ишанғали Арабайұлы, Халел Досмұхамедов (екеуі – Түркістаннан), Мұхтар Саматұлы (Жалпы Ресейлік кәсіпшілер ұйымынан), Мұхтар Мырзаұлы (Орынбор Қазақ институтынан), Елдес Омарұлы, Нұртаза Ералыұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Нұғыман Залиұлы, Молдағали Жолдыбайұлы (Ағарту Халық Ко-

миссариаты өкілдері), Ерғали Алдоңғарұлы (Қостанай губерниялық оқу бөлімінен), Мәннан Тұрғанбайұлы (Семейден), Нығымет Шағиұлы (Оралдан), Рүстем Ақбайұлы (Бөкейден), Міржақып Дулатұлы (ғылыми қауым мүшесі) қатысты. Топты Нұғыман Залиұлы, Аспандияр Кенжеұлы, Мырза Наурызбайұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Ишанғали Арабайұлы бастаған топ басқарса, хатшылық қызмет Мәннан Тұрғанбайұлына ұсынылды. Топтың бірінші жылысы оқу-ағарту бағытындағы: 1) Оқу, білім кітаптарын көбейту шаралары; 2) Ауыз әдебиетін жинау шаралары; 3) Емле жайында; 4) Әріп жайында; 5) Пән сөздері; 6) Бастауыш мектептің оқу жобасы (программасы); қосымша Халел Домұхамедовтың ұсынуымен «Бастауыш мектептің түрлері (тип) атты 7 маңызды бөлімді қамтыды (Бірінші, 1924: 26.).

Жалпы білімпаздар тобынан күтілген үміт зор болды. «Еңбекші(л) қазақ» газетінің 1924 жылғы сол №218 санында белгісіз автордың «Білімпаздар тобы» жұмысына қатысты «Көз сүйсінеді» мақаласы жарық көрді: *«Ақырында 1924 жылы 12-ші июнь күні Орынборда білімпаздар тобы ашылды. Қазақстан, Түркістан, Хиуа, Бұхара қазақтарының білімпаздары, қалам қайраткерлері жиналып, жұмысқа кірісті. Топ ашылған соң, аймақтық партия комитетінің уәкілі құттықтады. Мимен, қаламмен, біліммен бейнетқор елге жұмыс жасаймыз, кеңес үкіметінің ғылым майданында, салт-сана майданында қаһарман әскері боламыз білімпаздар бір ауыздан қарар шығарды. Қазақ емлесі, қазақ тілінің заңдары, негізгі түбірі қандай, бейнетқор ел қалай сөйлейді, қалай түсінеді, қалай жазады деп 3-4 сағат үзбестен баяндама жасалып тұр. Құлағын тосып тыңдап, кішкентай дәптерлеріне анда-санда бір нәрсені жазып қойып отырған жолдастар. Білім кіндігінің уәкілі Қазақстанда 2-3 жылдың ішінде ғылым майданында, әдебиет майданында жасалып қалған көп жұмыстарды санап өтіп, қазақ емлесін жарық болашақ күтеді, қазақ білімпаздары басқа елдің білімпаздарының бұрынғы адасқан жолына түспейді. Қазақстанда ғылым жұмысшының, шаруаның мүлкі болады, білімпаздар олардың достары болу керек дейді. Топ дұрыс деп қошаметтеп, қол соғып, үйді жаңғыртырады. Қаралатын мәселелер бірінен бірі маңызды. Топ – нақ ғылым тобы. Бұл топ – бірінші ғылым тобы. Топтан көп жеміс күтіледі. Топқа көзсүйінеді»* (Омашев, 2013:167-169 бб.).

Білімпаздар тобының жұмысы топтың

бірінші жиылысында белгілеген мақсаттарды сәтті атқарды деп болжауға негіз бар. Әліпби, әріп мәселелері білімпаздар тобының жиылыстары нәтижесінде ортақ бір шешімдерге келіп, жүйелене бастады. Ал ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтау жұмыстарының нәтижесі уақыт өте келе қазақ баспаларында жарық көре бастады. Бұл тұста, білімпаздар тобының мүшелері Нәзір Төрөкұлұлы және Әлихан Бөкейханұлы жеке атап өтуге болады. Себебі, бұл екі азамат, атынан қатысқан Мәскеудегі Күншығыс баспасының ұйымы 1923 жылы өз баспасынан Ахмет Байтұрсынұлы өңдеуімен «Ер Сайын» дастанын, одан өзге «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «23 жоқтау» сынды қазақ әдебиеті үлгілерін басып шығарды.

«Еңбекші(л) қазақ» газеттерінің беттерінде Ағарту Халық Комиссариаты жұмысына қатысты жарық көрген мақалалар өте көп. Мақала түріндегі зерттеу жұмысымызда ұсынылған мақалалар бұл ұшан дарияның тек кішкене бір ғана бөлігі. Тек қана 1925 жылдың өзінде Ағарту Халық Комиссариаты жұмыстарына арналған «Еңбекші(л) қазақ» беттерінде «Халық ағарту комиссариатының назарына», «Оқу құралдары қашан молаяды?», «Ауылда мәдениет жұмысы», «Халық ағарту мәселелері», «Алдымен мектеп үйі керек», «Ағарту жайы», «Қазақстанда оқу жайы», «Қазақстан оқу комиссары», «Кітаптың санының өсуі мен елге тарауы бірге өссін», «Жаңа кітаптарға сын», «Көркем әдебиет туралы», «Университет ашылмақшы», «Көркем әдебиет жайлы марксистдер не дейді, Жүсіпбек не дейді?», «Ұлт театры туралы», «Ұлт театры туралы мәжіліс», «Талаптыңа «Қазақстанды зерттеу ұйымы» қойнын ашты» және т.б. ауқымы мен өзектілігі жоғары, комиссариаттың жұмысының барлық дерлік бағытын қамтитын біршама мақалаларды байқауға мүмкіндігіміз бар.

Әрине, мақаламызда ұсынылып отырған «Еңбекші(л) қазақ» газеті деректері тіпті ағарту саласының өзін толықтай ашуға мүмкіндік бермейді. Бірінші мәселе, еліміздің кітапхана, архив қорларында сақтаулы газет нұсқаларының жағдайы (физикалық) ескіру және қолданыс жиілігі әсерінен біршама ауыр жағдайда, электронды нұсқаларының оқылуы сол ескілік әсерінен қиындаған, екінші мәселе, «Еңбекші(л) қазақ» газеті бойынша анықтамалықтар, көрсеткіштер жоқтың қасы. Сол себепті, мақала газеттің сақталу деңгейі өзге жылғы газеттерден біршама жақсырақ 1924-1925 жж. газеттерінен

алынған.

Қорытынды

1920-1946 жж. аралығында алдымен Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасында, артынша Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасында (1925 ж. бастап) маңызды функцияларды атқарған – Ағарту Халық Комиссариаты, алдыңғы қатарлы мемлекеттік органдардың бірі және болашақта үлкен жеке зерттеу жұмыстарын қажет ететін күрделі зерттеу объектісі екендігін аңғара аламыз. Кез келген мемлекеттің аяғына нық тұрып, даму жолына түсуінің үлкен бір негізі мемлекеттің ғылым-білім және қоғамдық-мәдени әлеуеті екендігін ескерсек, бұл Комиссариатқа жүктелген бұл бағыттағы жұмыстардың маңызының жоғары болғандығына тағы бір көзіміз жетеді. Бұл тұрғыдан, Ағарту Халық Комиссариатының ауқымы жағынан да, мемлекетке ықпалы жағынан да, түрлі қиыншылықтарға қарамастан оқу-білім, мәдениет бағытында атқарған орасан зор еңбегі белгілі бір деңгейде кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамына пайдасын тигізді. Ал Комиссариаттың істерінің тиімділігін арттыруда немесе ауқымын кеңейтуде, жалпы мемлекеттік саясат пен ұлттық мәселелерді шешуде – «Еңбекші(л) қазақ» газетінің орны ерекше болды.

Зерттеу жұмысы нәтижесінде қалыптасқан 4 негізгі ой:

1) «Еңбекші(л) қазақ» газеті 1920 жылдары Қазақ АССР-інде оқу-ағарту, сауат ашу ісінде үлкен маңызға ие болды. Ол оқу-ағарту, сауат ашу мәселелеріне арналған материалдарды белсенді түрде жариялап, қоғамда осы мәселелердің талқылануына түрткі болды.

2) Ағарту Халық Комиссариаты Қазақ АССР-де оқу-ағарту ісін дамыту мен сауат ашуға белсене араласты. Ол республикадағы білім мен сауаттылық деңгейін көтеруге бағытталған түрлі бағдарламалар мен саясаттарды жасап, жүзеге асыруға тырысты.

3) Комиссариат тарапынан жұмсалған елеулі күш-жігерге қарамастан, XX ғасырдың 20 жылдары Қазақ АССР-і үшін білім беру және сауат ашу мәселелері өзекті болып қала берді. Халықтың көп бөлігі сауатсыз қалпында қалды, республикада оқу-ағарту мен сауат ашу жұмыстарын жалғастыру қажет болды.

4) Мақала «Еңбекші(л) қазақ» газетінің XX ғасырдың 20 жылдардағы Қазақ АССР-в білім мен сауаттылық туралы ақпарат көзі ретіндегі маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл

Қазақстандағы білім беру мен сауаттылық тарихын және олардың республиканың дамуына қосқан үлесін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Яғни, мерзімді басылым, баспасөз ретінде өзінің тікелей функцияларын толыққанды жүзеге асырған «Еңбекші(л) қазақ» газеті, қазіргі таңда үлкен көлемде сақталған өзекті ақпаратымен, графикалық ерекшеліктерімен (бастапқыда

араб графикасында жарық көрген газет, артынша латын графикасына көшіп, кезеңнің тағы бір маңызды оқиғасы латындастыру мәселесінің де жаршысы бола алды), архивтік құжаттардан бірде-бір кемес үлкен деректер базасына айналды. Қорыта келгенде, Ағарту Халық Комиссариаты бойынша да, мемлекеттік баспасөз – «Еңбекші(л) қазақ» газеті тарихы мен мазмұны бойынша да көлемді зерделеу жұмыстарына қажеттілік барын айта кетуіміз жөн.

Әдебиеттер

- Абдрахманова Р.Л. (2010). История становления и развития народного образования Западного Казахстана (1841-1941 гг.). Автореферат. Уральск. 31 с.
- Adeeb Khalid. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. University of California Press. 1999. P.400.
- Аралбаева Б. (2009). «Еңбекші қазақ» газетінің қазақ әдеби тілін дамытудағы қызметі. Автореферат. Алматы. 30 б.
- Атабаев Қ. (1998). Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде: монография. Алматы: «Қазақ университеті». 193 б.
- Баишев С.Б. (1981). Вопросы социально-экономического развития Советского Казахстана. Алма-Ата: «Казахстан». 295 с.
- Бірінші қазақ-қырғыз халқы білім-паздарының тобы. (1924). Еңбекшіл қазақ газеті, №218, 2 б.
- Государственные учреждения Казахской ССР. Справочник. (1979). 1.1. Высшие органы государственной власти и управления Казахской АССР (1920-1936 гг.). Алма-Ата. 85 с.
- Eren Tasar, «Soviet Modernity and Central Asia.» (PhD diss., University of California, Berkeley, 2008).
- Залиұлы Н. (1924). Қазақстан Қалық Ағарту Кемесеріетінің баяндамасы. Еңбекшіл қазақ газеті, №221. 4 б.
- Кундакбаева Ж. (2017). Модернизация ранней Советской эпохи в судьбах женщин Казахстана 1920-1930 годы: Монография. Алматы: «Қазақ Университеті». 411 с.
- Қазақ оқытушылары керек. (1924). Еңбекшіл қазақ газеті, №233. 3 б.
- Қазақстанның халық комиссарлары. (2004). Өмірбаяндық анықтамалық. Алматы: «Қазақ гуманитарлық заң университетінің баспасы». 499 б.
- ҚРОМА, 81-к., 1-т., 89-іс, 33-п.
- ҚРОМА, 81-к., 1-т., 304-іс, 6-п.
- ҚРОМА, 81-к., 1-т., 586а-іс, 14-п, көшірме.
- Мұсағалиева А.С. (2001). Халық Ағарту Комиссариаты қорының құжаттары республика зиялыларының қызметі мен көзқарасы жөніндегі дерек көзі (1920-36 жж.). 147 б.
- Ingo Kappeler, The Russian Empire: A Multiethnic History (New York: Longman, 2001). P.480
- Имашев С. Зарождение коммунистической печати в Казахстане. Алма-Ата: «Казгосиздат». 112 с.
- Садыкова А.Е. (2005). Общественно-просветительская деятельность и педагогические идеи Т.Жургенова. Автореферат. Алматы. 29 с.
- Sarah Cameron, “The Sovietization of Kazakh Nomads,” in The Sovietization of Central Asia: A Documentary Record, ed. Edward Allworth (New York: New York University Press, 1994), 153-165.
- Селкебаева А.Т. (2007). Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы: құрылуы мен қызметінің тарихы (1920-1936жж.). Автореферат. Алматы. 30 б.
- Смағұлова С. (2011). Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). Алматы: «Елтаным». 432 б.
- Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. (1967). Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов (История строительства Советской культуры Казахстана. 1917-1965 гг.). Алма-Ата: «Наука». 422 с.
- Сулейменов Р.Б. (1961). Культурное строительство в Казахстане в годы второй и третьей пятилеток (1933-1940 гг.). Автореферат. Алма-Ата. 19 с.
- Lazzerini Edward. (1991). Soviet Nationality Policy and the Failure of Sovietization in Kazakhstan. Slavic Review 50, no. 4. P 992-1009.
- Омашев Н. (2013, 2014). 1920-жылдардағы кеңестік журналистика. 1,2 том. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 317, 318 б.
- Шаймерден. (1926). Оқу қызметкерлерін даярлау мәселесі. Еңбекші қазақ газеті, №51(488), 1 б.
- Shiraishi, Shinichi. The Formation of Modern Kazakh Culture: Historical Roots and Contemporary Development / The Role of Intellectuals in the Modernization Process of the Islamic World. Tokyo, 1990.

References

- Abdraxmanova R.L. (2010). *İstoriya stanovleniya i razvitiya narodnogo obrazovaniya Zapadnogo Kazaxstana (1841-1941 gg.)*. Avtoreferat. Wralsk. 31 s.
- Adeeb Khalid. *The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia*. University of California Press. 1999. P.400.
- Aralbaeva B. (2009). «Еңбекші қазақ» газетінің қазақ әдеби тілін дамытудағы қызметі. Avtoreferat. Almatı. 30 b.
- Atabaev Q. (1998). *Merzimdi basılıм XIX ғasırdıñ ayağı – XX ғasırdıñ basındaғы Qazaqstan tarixınıñ deregi retinde: monografiya*. Almatı: «Qazaq wñıversıtıeti». 193 b.
- Baişev S.B. (1981). *Voprosı socialno-ekonomičeskogo razvitiya Sovetskogo Kazaxstana*. Alma-Ata: «Kazaxstan». 295 s.
- Birinşi qazaq-qırğız xalqı bilim-pazdarınıñ tobi. (1924). *Eñbekşil qazaq gazetı, №218, 2 b.*
- Goswdartsvennie wçrejdeniya Kazaxskoy SSR. *Spravočnik*. (1979). 1.1. *Vişşie organı goswdarstvennoy vlastı i wpravlēniya Kazaxskoy ASSR (1920-1936 gg.)*. Alma-Ata. 85 s.
- Eren Tasar, “Soviet Modernity and Central Asia,” (PhD diss., University of California, Berkeley, 2008).
- Zalıılı N. (1924). *Qazaqstan Qalıq Aǵartw Kemeserietiniñ bayandaması*. Eñbekşil qazaq gazetı, №221. 4 b.
- Kwndakbaeva J. (2017). *Modernizaciya ranney Sovetskoy epoxı v swdbax jenşçin Kazaxstana 1920-1930 godı: Monografiya*. Almatı: «Qazaq Wñıversıtıeti». 411 s.
- Qazaq oqıtıwşılardı kerek. (1924). *Eñbekşil qazaq gazetı, №233. 3 b.*
- Qazaqstanıñ xalıq komıssarları. (2004). *Ömirbayandıq anıqtamalıq*. Almatı: «Qazaq gwmanitarlıq zañ wñıversıtıetiniñ baspası». 499 b.
- QROMA, 81-q., 1-t., 89-is, 33-p.
- QROMA, 81-q., 1-t., 304-is, 6-p.
- QROMA, 81-q., 1-t., 586a-is, 14-p, köşirme.
- Musaǵalıeva A.S. (2001). *Xalıq Aǵartw Komıssariatı qorınıñ qujattarı respwblıka ziyalılarınıñ qızmeti men közqarası jöñindegi derek közi (1920-36 jj.)*. 147 b.
- İmaşev S. *Zarojdenie kommwnıstičeskoy pečatı v Kazaxstane*. Alma-Ata: «Kazgosızdat». 112 s.
- Ingo Kappeler, *The Russian Empire: A Multiethnic History* (New York: Longman, 2001). P.480.
- Sadıkova A.E. (2005). *Obşçestvenno-prosvetitel'skaya deyatelnost i pedagogičeskie ideı T.Jwrgenova*. Avtoreferat. Almatı. 29 s.
- Sarah Cameron, “The Sovietization of Kazakh Nomads,” in *The Sovietization of Central Asia: A Documentary Record*, ed. Edward Allworth (New York: New York University Press, 1994), 153-165.
- Selkebaeva A.T. (2007). *Qazaq AKSR Xalıq aǵartw komıssariatı janındaғы Qazaqstandı zerttew qoǵamı: qurılıwı men qızmetiniñ tarixı (1920-1936jj.)*. Avtoreferat. Almatı. 30 b.
- Smaǵulova S. (2011). *Qazaq merzimdi baspasözi: şıǵw tarixı men derektik mañızı (XX ǵ. 20-30 jj.)*. Almatı: «Eltanıw». 432 b.
- Swleymenov R.B., Bisenov X.İ. (1967). *Socialističeskiy pwt kwltwrnogo progressa otstalıx narodov (İstoriya stroitelstva Sovetskoy kwltwrı Kazaxstana. 1917-1965 gg.)*. Alma-Ata: «Nawka». 422 s.
- Swleymenov R.B. (1961). *Kwltwrnoe stroitelstvo v Kazaxstane v godı vtoroy i tretēy pyatiletok (1933-1940 gg.)*. Avtoreferat. Alma-Ata. 19 s.
- Omaşev N. (2013, 2014). *1920-jıldardaғы keñestik jwrnalistika. 1,2 tom*. Almatı: «Qazaq enciklopediyası». 317, 318 b.
- Şaymerden. (1926). *Oqw qızmetkerlerin dayarlaw мәselesi*. Eñbekşil qazaq gazetı, №51(488), 1 b.
- Shiraishi, Shinichi. *The Formation of Modern Kazakh Culture: Historical Roots and Contemporary Development / The Role of Intellectuals in the Modernization Process of the Islamic World*. Tokyo, 1990.
- Shiraishi, Shinichi. *The Formation of Modern Kazakh Culture: From Nativism to Nationalism*. New York: Routledge, 2007.